

22 Маусым 2013 ж

С.Д. Асфендияров атындағы  
Қазақ Ұлттық Медицина Университетінің Ректоры  
Доктор Айқан Ақановқа  
Алматы қ., 94 Төле би  
Қазақстан Республикасы

Құрметті доктор Ақанов,

Бұл хат Денис Бариновтің менің зертханамда сәуірдің аяғы мен маусым басы аралығында жасаған жұмысының есебі болып табылады. Баринов мырза зертханалық және химиялық жұмыс істеу тәжірибесі жеткілікті болып келгендіктен, жұмысқа тез бейімделіп кетті. Мен Баринов мырзаға «ВК-арналарының фотореактивті күшейткіштерін (йодофлоретин) синтездеу» деп аталатын жоба аясында флоретин қосындылары туындысын синтездеуді тапсырдым. Флоретин ВК-арналарының күшейткіші болып табылады, оның белсенділігі көптеген дене органдары жасушаларының жұмыс істеуіне әсер етеді. Бұл ионды арнаға әсер етуге арнайы жасалған бірқатар потенциалды дәрілік заттар бар.

Баринов мырзаның міндеті осы қосылыстың йодталған туындысын синтездеу болды. Ол үшін бірнеше аралық қосылыстарды синтездеу керек болды. Әртүрлі әдебиеттерден алынған синтездің бастапқы сызбанұсқасын қолдана отырып, Баринов мырза сәйкес келетін бромдалған аралық затты сәтті синтездеп алды. Ол бұл реакцияның стехиометриялық құрамын сипаттап, сол арқылы жоғары тиімді сұйықтық хроматогафты қолданып, аралық затты анықтады. Қорытындысында ол йодофлоретин синтезін ойдағыдай аяқтады. Содан соң біз бұл материалды зертханада бөліп алдық, қазір ол ВК-арналарына қатысты белсенділік сынағынан өтуде.

Өз жұмыс жасау барысында Баринов мырза өзін өз ісінің маманы ретінде көрсетті. Өз жұмысының нақты және тиянақты жазбаларын жасады. Ол осы жобаны аяқтау үшін тәжірибесін өз бетімен және ынталы жасап шықты. АҚШ-тағы аз уақыт ішінде ол ауқымды жұмыс жасады.

Маған Баринов мырзамен жұмыс жасау ұнады. Мен оның ғалым ретінде үлкен потенциалы бар екендігіне сенімдімін. Оның әрі қарайғы білім алуына қолдау көрсетуіңізге кеңес беремін. Алдағы уақытта менімен кез келген ақпарат бойынша кез келген уақытта байланысуыңызға болады.

Құрметпен,



Ph.D. Профессор  
Стин Е.Педерсен